



"Техносистем" ұлттық акционерлік компаниясының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 19 қазандағы N 1348

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Техносистем" ұлттық акционерлік компаниясының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен келісілген, оны, "Техносистем" акционерлік компаниясына қайта ұйымдастыру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Радиоэлектроника және байланыс жөніндегі ұлттық орталығы мен Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат жөніндегі ғылыми-зерттеу институтын

оның құрамынан шығаруды қарастырып, аталған компанияны қайта ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдансын.

3. "Техносистем" ұлттық акционерлік компаниясы туралы"
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы
11 қазандағы N 1154 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі